

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Магистратура және докторантура бөлімі	ПКІР
		Өңдеу: 1 Бет 1 парак 2

Базарбекова Галия Серикбаевнанын  
8D139 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша  
PhD дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстан Республикасының  
тұрғындарына пульмонологиялық қызмет көрсетуді жетілдіру»  
тақырыбындағы диссертацияға

### ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ

1) Жұмыстың өзектілігін негіздеу, оның қазіргі ғылым мен практика үшін маңыздылығы. Ұсынылған диссертациялық жұмыс пульмонологиялық көмекті жетілдіру мәселесіне арналған, бұл қазіргі таңда қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінде аса өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Тыныс алу жүйесі ауруларының таралуы, олардың созылмалы сипат алуы, сондай-ақ қоршаған ортаның қолайсыз факторлары аталған мәселенің маңыздылығын арттыра түседі. Зерттеу нәтижелері пульмонологиялық қызметтің тиімділігін арттыруға, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын жақсартуға бағытталғандықтан, оның практикалық құндылығы жоғары.

2) Докторант сүйенген негізгі ғылыми және әдіснамалық қағидалар. Зерттеу барысында докторант қоғамдық денсаулық сақтау, эпидемиология, дәлелді медицина қағидаларына сүйенген. Сонымен қатар, жүйелік талдау, медициналық-статистикалық әдістер, салыстырмалы бағалау, сауалнама жүргізу, клиникалық және ұйымдастырушылық модельдеу әдістері кеңінен қолданылған. Бұл әдіснамалық тәсілдер зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.

3) Алынған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі. Докторант пульмонологиялық көмекті ұйымдастырудың қазіргі жағдайына жан-жақты талдау жүргізіп, оның негізгі проблемаларын анықтаған. Зерттеу нәтижесінде медициналық көмекті жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар мен модельдер әзірленген. Алынған нәтижелер жеткілікті көлемдегі деректерге, статистикалық өңдеуге және салыстырмалы талдауға негізделген, бұл олардың сенімділігі мен дәлелділігін көрсетеді.

4) Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертациялық жұмыс логикалық тұрғыдан бірізді құрылған, кіріспе, әдеби шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, нәтижелер, талқылау және қорытынды бөлімдерінен тұрады. Әр бөлім өзара байланысты және зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Жұмыстың мазмұны толық әрі жүйелі түрде баяндалған.

5) Докторанттың зерттеуге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі. Докторант зерттеу тақырыбы бойынша дербес ғылыми ізденіс жүргізіп, мәліметтерді жинау, өңдеу және талдау жұмыстарын өз бетінше орындаған.



Зерттеу көлемі жеткілікті, қамтылған материалдар саны мен олардың талдану тереңдігі жұмыстың ғылыми құндылығын арттырады. Ұсынылған ұсыныстар мен қорытындылар автордың жеке еңбегінің нәтижесі болып табылады.

6) Докторанттың зерттеушілік қасиеттері және ғылыми әдістерді меңгеру тәжірибесі. Докторант өзін жауапты, ізденімпаз, аналитикалық ойлау қабілеті жоғары зерттеуші ретінде көрсетті. Ол заманауи ғылыми әдістерді меңгерген, деректерді талдау және интерпретациялау дағдылары қалыптасқан. Ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу, нәтижелерді жүйелеу және ғылыми тұжырымдар жасау қабілеті жоғары деңгейде.

7) Қорытынды. Жалпы алғанда, ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылыми және практикалық маңызы бар, өзекті тақырыпқа арналған аяқталған зерттеу болып табылады. Жұмыс мазмұны қойылған талаптарға сәйкес келеді, ал алынған нәтижелер қоғамдық денсаулық сақтау саласында қолдануға ұсынылады. Докторант 8D139 «Қоғамдық денсаулық сақтау» ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**PhD, қауымдастырылған профессор,  
Денсаулық сақтау саясаты және менеджменті  
кафедрасының профессор м.а.**



**Құмар А.Б.**